

## "Оқжетпес" республикалық жастар лагерін қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 9 тамыз N 1114

"Оқжетпес" республикалық жастар лагерінің қаржы-шаруашылық қызметін дамыту, жастарды, жасөспірімдер мен балаларды сауықтыру ісін ұйымдастырудың менеджменті мен сапалық деңгейін жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Оқжетпес" республикалық жастар лагері оның жарғылық қорына мемлекет 100 процент қатысатын "Оқжетпес" республикалық жастар лагері" коммерциялық емес ашық акционерлік қоғамына (бұдан әрі - "Оқжетпес" РЖЛ" ААҚ) қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. "Оқжетпес" РЖЛ" ААҚ-ның негізгі қызметі жастардың қоғамдық маңызы зор бастамаларын қолдау мен дамыту, балалардың кешенді демалысын қамтамасыз ету, балалармен, жасөспірімдер және жастармен жұмыстың сауықтыру, ғылыми-педагогикалық бағдарламаларын іске асыру болып айқындалсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік

және жекешелендіру жөніндегі комитеті:

- 1) "Оқжетпес" РЖЛ" ААҚ-ның жарғысын бекітсін;
- 2) "Оқжетпес" РЖЛ" ААҚ-ның мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;
- 3) мемлекеттік тіркелгеннен кейін бір ай мерзім ішінде заңдарда белгіленген тәртіппен "Оқжетпес" РЖЛ" ААҚ акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне беруді қамтамасыз етсін;
- 4) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:  
Қобдалиева Н.  
Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК